



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

27 қаңтар
сейсенбі

№7 (2219)

2026 жыл

ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН АТ СПОРТЫ

Бүгінде ұлт үшін жанын беріп, ұлттық құндылықтарды ұлықтап жүрген азаматтар саусақпен санарлық. Қоғамда әркім өз күнін күйттеп жүрген кезеңде елдік мүддені бірінші орынға қойып, ұлттық спортты келешек ұрпаққа дәріптеп жүрген жандардың еңбегі ерекше құрметке лайық. Ат спортын дамыту жолында табандылықпен еңбек етіп жүрген азаматтың бірі – Сламхан Боранбаев.



Оның ат спортына деген адалдығы мен еңбегі көпке үлгі болып жүргенін аңғардық.

Ұмыт

бола бастаған асыл дәстүрді қалай жаңғыртамыз? Осы сауалдарға бірге жауап іздедік.

– Ат спортына қызығуыңызға не себеп?

– Біз ат спортынан бөлек өмір сүре алмайтын жандармыз. Аппен бірге өстік, аппен бірге есейдік. Бұл – қазақтың болмысында бар, қанымызға сіңген өнер. Ата-бабамыздан аманат болып, гасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл мұра. Менің атам Жаңақорған ауданына кеңінен танымал, белгілі атсейіс болған. Аттың бабын танып, мінезін түсінген, ат үстінде еркін ойнаған жан еді. «Әке көрген оқ жонар» деген сөз бекер айтылмаса керек. Балалық шақтан көріп өскен тәрбие мені осы жолға жетеледі. Мен де атамнан қалған асыл мұраны тастап кете алмадым.

2-БЕТТЕ

4-БЕТТЕ

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ

Астанада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның отырысы өтуде. Шара кеңейтілген форматта Парламент депутаттарының, мәслихат төрағаларының, қоғам қайраткерлерінің, орталық мемлекеттік органдардың жауапты лауазымды адамдарының, БАҚ өкілдерінің, өңірлердің қоғамдық кеңестерінің, сараптамалық және ғылыми қоғамдастықтардың қатысуымен өтуде. Бірінші отырыста Мемлекет басшысы ұсынған саяси реформалардың мазмұны, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде бір палаталы Парламентке көшу және мемлекеттік билік институттарын жаңғырту мәселелері талқыланды.



Конституциялық реформа – саяси және экономикалық жаңғыру жолындағы алғашқы маңызды қадам, оның негізі қазіргі жүйені орталықсыздандыру болмақ. Еске салсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық реформа жөніндегі комиссияны құру туралы Жарлыққа қол қойып, комиссияның ережесі мен құрамы бекітілген болатын. Конституциялық комиссия елдегі саяси-құқықтық реформаларды жүйелеу, Ата заңға енгізілетін ықтимал өзгерістерді сараптау және ұсыныстар әзірлеу бағытында жұмыс істейді. Оның құрамында еліміздегі өңір басшыларының арасынан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бар. Комиссияға Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова жетекшілік етеді. Комиссия төрағасының орынбасарлары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және Премьер-Министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.

Алғашқы отырыста қатысушылар ҚР Конституциясына өзгерістер енгізу бойынша негізгі ұсыныстарды қарастырды.

Сыр өңірі – ұлт руханиятының бесігі болған құтты мекен. Тоңырағына Қорқыт қобызының үні сіңген бұл өлкеде әлем фольклорының мұрасына айналған талай жауһарлар өткен. Ұлттық әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлының «Ғазиз жүрек», «Ұстаз ұлағаты», «Ізденіс іздері» және «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы» атты еңбектерінің тұсаукесер рәсімі өтті. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бірінші оқу ғимаратында өткен жиында зиялы қауым өкілдері, оқытушы-профессорлар, ғалымның достары мен бауырлары, студенттер қатысты.

Бағдат Кәрібозұлы 300-ден астам ғылыми-публицистикалық мақала, 10 монография, бірнеше әдеби-публицистикалық кітаптардың авторы. Оның жетекшілігімен жарық көрген қазақ әдебиеті мен руханиятына үлес қосқан 200 томдық «Сырдария кітапханасын» да айта кету керек.

Профессор Бағдат Кәрібозұлының «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы» атты үш томнан тұратын кітабы баға жетпес туынды. Жинақтың бірінші томында Жанқожа батыр туралы тарихи жырдан тұрса, екінші томы

ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ, ҒЫЛЫМҒА ТАҒЗЫМ



Сыр өңірінде тараған аңыз әңгімелерді баяндайды. Үшінші томында кюсса, дастандар жинақталған. Үш томдық фольклор антологиясына ежелгі дәуірден бастап бүгінге жеткен осындай халық шығармашылығы жинақталған. 2024 жылы баспадан шыққан «Ғазиз жүрек» атты кітап адамгершілік пен парасаттылықты өмір философиясына айналдырған жүрек сөзіне пара-пар. Бағдат Кәрібозұлы денсаулығына байланысты соңғы бір-екі жылда қиын күндерді басынан өткізді. Бірақ қолынан қаламы түспеген ғалымның 2025 жылы «Ұстаз ұлағаты» кітабы баспадан шықты. Тәлім мен тәрбиенің, ұстаздық өнегенің шежіресіне айналған бұл кітап ұстазы Зейнолла Қабдоловқа деген құрметі, перзенттік парызы.

– «Ұстаз ұлағаты» атты кітапта ұстазының бойындағы бітім болмысын айта отырып, Зейнолла Қабдоловты тануға да үлесін қосты. Антикалық деректерге сүйенсек, Александр Македонский әкесін өмір сыйлағаны үшін, ал ұстазы Аристотельді өмірді қалай сүруді үйреткені үшін ерекше құрметтеген. «Әкем маған тәлім берсе, ұстазым өмірлік жадымды берді», – деген еді. Кезінде Зейнолла Қабдолов Мұхтар Әуезовтың ғалымдық, суреткерлік, ұстаздық болмысын өз көзімен көрген шәкірт ретінде «Менің Әуезовым» деген кітапта жазса, Бағдат Кәрібозов М. Әуезов туралы ойын айта келіп, менің ұстазым З. Қабдолов деп портреттік эссе жанрында ой қозғаған, – деді профессор Ұлжан Нахатқызы.

Ғылым да, әдебиет те жанкештілікті қажет етеді. Үш кітап та автордың қиындықпен күресе отырып, жанын ауыртқан науқасы және отырып жазған туындылары. 2026 жылы баспадан шыққан «Ізденіс іздері» кітабы автордың жанр теориясы, поэзиядағы ұлттық мінез туралы ғылыми тұжырымдары жазылған.

– «Ізденіс іздерінің» мазмұндық құрылымы бірнеше тақырыпты құрап, логикалық байланысып, әдебиеттің ұлттық сипаты деген мәселеге тоғысып отырады. Бұл кітап әдебиетті тек көркем мәтін ретінде емес, талдап, ұлттық болмыс тұрғысында оқимын деген оқырманға бағыт береді. Жас зерттеушілер үшін ғылымға бағыттайтын жол, – деді филология ғылымдарының кандидаты Гүлзира Сапарқызы.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы білім ордасына еңбегі сіңген ғалым ұстаздарын ұлықтау, есімін осы қасиетті қабырғада мәңгі қалдыру мақсатында дәрісхана, зертханалар ашуды жолға қойып келеді. Осы сабақтастықты жалғап, қазақ әдебиеттану ғылымына өз үлесін қосқан, ғалымдық пен адамдықты тең ұстаған көрнекті ғалым Бағдат Кәрібозұлының ғылыми бағыты мен тікелей қолдауының нәтижесінде жасакталған «Әдебиет теориясы» дәрісханасы ашылды. Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның қарашанырағы тағылымы мол тағы бір дәрісханамен толықты.

Думан КЕҢШІЛІК

ФУТБОЛ



ВИКТОР МОЗЕС «ҚАЙСАРҒА» КЕЛДІ

Сыр елінің спорт тарихында есте қаларлық тағы бір тарихи сәт. Әлем футболында аты танылған, талай доданың көрігін қыздырған Нигериялық футболшы Виктор Мозестің Қызылордаға келуді жанкүйерлер үшін күтпеген жаңалық болды. Қазақстан Премьер-лигасында, оның ішінде «Қайсар» футбол клубында әлемдік деңгейдегі ойыншының өнер көрсетуі отандық футбол үшін үлкен жетістік екені сөзсіз.

Ауа райына қарамастан футбол аренасына 3 мыңға жуық көрермен жиналып, әлем таныған футболшыны зор ықыласпен қарсы алды. Бірі қолтанба алуға асықса, енді бірі Виктор Мозес тепкен допты естелікке иеленуге таласты.

Виктор Мозес – жай ғана легионер емес, әлемдік футбол мектебінен өткен, тәжірибелі ойыншы. Ол Англия Премьер-лигасында 200-ден астам матч өткізіп, әйгілі «Челси» клубымен ел чемпионы атанған. Сондай-ақ Еуропа лигасының екі дүркін жеңімпазы атанып, халықаралық аренада өзін дәлелдеген футболист. Сонымен қатар Нигерия ұлттық құрамасында ойнап, Африка Кубогын жеңіп алған. Осындай тәжірибелі жартылай қорғаушы «Қайсар» футбол клубымен бір жылға келісімшартқа қол қойып, Сыр елінің намысын қорғауға бел буды. Ол жаңа командасына деген алғашқы әсерін де жасырмады.

– «Қайсар» командасына келгеніме қуаныштымын. Клуб басшылығының алға қойған мақсаты мен жоспары көңілімнен шықты. Қалада заманауи, әдемі стадион бар. Алдағы уақытта балалар академиясының салынуы жақсы бастама. Осы маусымда алаңдағы ойынмен жанкүйерлердің сенімін ақтап, «Қайсарды» жоғары жетістіктерге жетелеу үшін бар күш-жігерімді саламын, – дейді Виктор Мозес, «Қайсар» ФК ойыншысы.

Айта кету керек, клуб басшылығы жаңа ойыншыға 11-нөмірлі жейдені табыстады.

«Қайсар» футбол клубының өкілдері мұндай әлемдік деңгейдегі ойыншыларды тартудағы негізгі мақсатты атап өтті.

– Біздің басты мақсатымыз – тек жұлде үшін күресу емес. Ең маңыздысы – «Қайсар» академиясын тұрғызып, балалар футболын дамыту. Виктор секілді тәжірибелі, әлемдік деңгейдегі футболшыларды командаға тарту арқылы жас ойыншыларға жол көрсету, оларды әлемдік футболға баулу, – дейді Айбек Қабылша, «Қайсар» ФК директорының кеңесшісі.

Әлемдік футбол жұлдызының Сыр еліне келуі – тек бір клубтың емес, тұтас өңір футболының дамуына серпін беретін тарихи қадам. Бұл бастама жас спортшылардың арманын оятып, футболдың жаңа белестерге бет алғанын байкатады. Қайсардың қайсар ұлдары әлем деңгейінде көрінетін кез алыс емес.

Айдана БАХТЯР

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ТҮЗЕТУЛЕР ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАУҒА КІРІСТІ

Астанада Конституциялық комиссияның екінші отырысында Ата заңға енгізуге ұсынылған түзетулерді жан-жақты қаралды. Бұл түзетулер қоғам өкілдерінен, саяси партиялардан және сарапшылар қауымдастығынан келіп түскен көптеген ұсыныстардың барлығы ескеріле отырып қалыптастырылды.

ҚР Конституциялық Сотының төрайымы Эльвира Азимованың хабарлауынша, Комиссияға екі мыңнан астам ұсыныс келіп түскен, олардың барлығы біртұтас Жинақталған кестеге біріктірілді.

«Азаматтар мен сарапшылардың белсенді қатысуы конституциялық реформаның жоғары қоғамдық маңызын растайды. Мұндай диалог форматы негізгі қағидатты айқындайды: конституциялық реформа ең алдымен халықтың мүддесі үшін және оның тікелей қатысуымен жүргізіледі», – деді Эльвира Азимова.

Отырыс барысында Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевтың, Сенат депутаты Нұрлан Бекназаровтың және Мәжіліс депутаты Снежанна Имашеваның баяндамалары тыңдалды.

Атап айтқанда, Әділет министрі түзетулерді Конституцияның Үкіметтің, прокуратура органдары мен сот билігінің жекелеген функцияларын, құқық қорғау тетіктерін, жергілікті өзін-өзі басқаруды, жекелеген аумақтарда арнайы құқықтық режим белгілеу қағидаттарын, сондай-ақ Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін реттейтін бөлімдері мен баптарына енгізу ұсынылып отырғанын айтты.

Оның айтуынша түзетулердің жекелеген блогы болашақ бір палаталы Парламент – Құрылтайдың қызметіне қатысты болады. Мысалы, төрағаны тағайындау тәртібі, депутаттық корпусты қалыптастыру және өзге де рәсімдік мәселелер регламенттеледі.

Үкіметтің функцияларын реттеу бөлігінде мемлекеттік бағдарламаларды бекіту, сондай-ақ мемлекеттік комитеттерге қатысты өкілеттіктерді алып тастау ұсынылады.

Сонымен қатар, Конституцияда сот билігінің әкімшілік сот ісін жүргізу арқылы жүзеге асырылатыны тікелей көрсетілуі

ұсынылады. Бұл құқық үстемдігі қағидатын нығайтуға және мемлекет пен азамат арасындағы нақты теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болмақ.

Ерлан Сәрсембаевтың айтуынша, ұсынылып отырған өзгерістер мемлекеттік жүйенің тиімділігін кешенді түрде арттырады.



«Қоғам үшін бұл мемлекеттің сыртқы немесе ішкі жағдайларға қарамастан, дәйекті әрі құқықтық аланда әрекет ететініне деген болжамдылық пен толық сенімді білдіреді. Әлеуметтік міндеттемелер орындалады, экономикалық үрдістер жалғасады, халықаралық міндеттемелер сақталады», – деді әділет министрі.

Өз сөзінде Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров бір палаталы Парламентке көшуге байланысты Конституцияның тиісті баптарына көптеген өзгерістер енгізу жоспарланып отырғанын атап өтті.

Ұсынылатын тәртіпке сәйкес, Құрылтай Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен бірінғай жалпыұлттық сайлау округі бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі арқылы сайланатын 145 депутаттан құралады. Депутаттардың өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Нұрлан Бекназаров сондай-ақ Конституцияға Халық кеңесінің өкілеттіктері туралы жеке бөлім енгізу оның айрықша маңызын айқындайтынына назар аударды.

«Халық кеңесі – Қазақстан халқының мүдделерін білдіретін жоғары кон-

сультивтік орган, оның құрамы Қазақстан Республикасының азаматтарынан қалыптастырылады. Халық кеңесін құру тәртібі, оның құрамы, өкілеттіктері және қызметін ұйымдастыру мәселелері Конституциялық заңмен бекітіледі», – деді ол.

Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева Конституциялық комиссия мүшелеріне

бірінші отырыстың қорытындысы бойынша әзірленген түзетулердің салыстырмалы кестесін таныстырды.

Оның айтуынша, жинақталған ұсыныстар Қазақстанның конституциялық құрылысының негіздерін нақтылау мен нығайтуға, жекелеген нормалардың құқықтық айкындығын арттыруға және құқық қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған.

Ерекше назар Преамбуланы күшейтуге, құқықтық және зайырлы мемлекет қағидаттарын бекітуге, адам қадір-қасиетін, өмір сүру құқығын, жеке бостандық пен қол сұғылмаушылықты, сондай-ақ жеке өмір мен дербес деректерді қорғауға аударылды.

«Ұсынылып отырған өзгерістер конституциялық нормалардың іс жүзінде қолданылуын күшейтуге және оларды түсіндіруде бірінғай тәсілдерді қалыптастыруға бағытталған», – деп түйіндеді Снежанна Имашева.

Конституциялық комиссияның мүшелері жекелеген жұмыс секциялары шеңберінде негізгі заңға ұсынылған түзетулерді талқылауға кірісті.

gov.kz



ЕЛ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ

Конституциялық соттың төрағасы Эльвира Азимова Конституциялық комиссияның алдында тұрған басты міндеттерді атап айтты.

– 2025 жылғы 8 қыркүйекте Президент «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа жолдауында жасанды интеллект дәуірінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі оң ықпал ететін жаңа саяси реформаны жариялады. Мемлекет басшысы «Құшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде елімізде бір палаталы Парламент құру бастамасын көтерді. Өздеріңізге белгілі, парламенттік реформаны әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы 2025 жылғы қазан айынан бастап белсенді жұмыс атқарды. Оның құрамына белгілі заңгерлер мен сарапшылар, саяси партиялар және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Осы уақыт аралығында жұмыс тобы барлық ұсынымдарды мұқият зерделеп, жүйеледі, сондай-ақ азаматтардан келіп түскен ұсыныстарды жан-жақты талдады. Азаматтар өз ұсыныстарында тек бір

палаталы Парламент мәселесін ғана көтерген жоқ. Осыған орай, Мемлекет басшысы Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құру туралы шешім қабылдады, – деді ол.

Эльвира Азимова атап айтқандай, жұмыс тобының мүшелерінен бөлек, азаматтардан екі мыңнан астам ұсыныс келіп түскен.

Сонымен қатар Мемлекеттік кеңесші – Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары Ерлан Қарин Конституциялық комиссияның құрылуын тарихи оқиға деп атап өтті.

– Осындай шешуші сәтте бізге аса маңызды миссия жүктелді. Бұл – үлкен жауапкершілік. Бүгін осы залға түрлі саланың кәсіби мамандары, тәжірибесі мол, елге белгілі азаматтар жиналған. Біздің мақсат-міндетіміз – ортақ. Сондықтан осы айрықша міндетті абыроймен атқарып шығамыз деп сенемін. Бүгін жұмысын бастағалы отырған Конституциялық комиссия – осыған дейін жарты жыл бойы жұмыс істеген Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының заңды жалғасы, – деді Е.Қарин.

Яғни, Қазақстан ауқымды өзгерістің, түбегейлі бетбұрыстың алдында тұр.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Басы 1-бетте

ҚУАТТЫ ЕЛДІҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫ



Алаштың анасы атанған Сыр өңірінде Ұлттық құрылтайдың соңғы бесінші отырысы өткені баршаымызға белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтайда сөйлеген сөзінде еліміздің жаңғыруының жаңа кезеңіндегі стратегиялық міндеттерін белгіледі. Әсіресе, Президенттің мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағдарында атап өткен мәдениет пен өнер саласындағы жетістіктеріне назар аударғмыз келеді. Еліміздегі тарихи-мәдени мұраны сақтау, жас ұрпақты ұлттық санаға тәрбиелеу жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқанын байқаймыз. Бірегейліктің барлық түрлерін нығайтатын жобаларға инвестиция тарту маңызды. Сондықтан мәдениет пен өнердегі жетістіктерді қастерлеу әрбір азаматтың ортақ міндеті болып, ел дамуының өлшемдеріне айналуы тиіс.

Ұлттық құндылықтарды таратуда театр өнерін дамыту және тарихи орындар мен құнды жәдігерлерді насихаттауда музей ісінің өркендеуі субелі бағыт. Мәдениет пен өнер ұрпақтардың тарихи жады мен ұлттық танымын жүйелейді. Театр спектакльдері мен музей көрмелерінде азаматтардың қоғамдық рөл үлгілері мен әдет-ғұрыптары көрсетіледі. Бұл институттар кез келген аймақтың туризмін ынталандырып, жергілікті экономика мен қызмет көрсету сапасын арттырады. Демек, мәдени инфрақұрылымды қолдау, кәсіби кадрлар дайындау және цифрландырумен осы бағыттарды дамытудың маңыздылығы жоғары.

Президент әл-Фараби, Ясауи және Абай ілімдерінің ұлттық бірегейлік пен болмысымызды сақтаудағы орнына назар аударалы. Ұлттық бірегейлік пен болмыс тарихымыз бен дәстүріміз, тіл мен мәдениетіміздің біртұтас мінезі, сипаты. Екеуі ұрпақтан ұрпаққа берілетін құндылықтармен қоғамның біртұтастығын сақтап, ортақ сана қалыптастырады. Ұлттық болмыс беріктігі отбасылық тәр-

бие және қоғамдық институттардың қолдауымен жүзеге асады. Мәдени мұра мен өнерді қазіргі заман талаптарына сай дәріптеу ұлттық сана мен рухты жаңғыртудың тетігі. Тіл мен дәстүрдің сақталуы халықаралық аренада ұлттық беделімізді арттырып, мәдени бәсекеге қабілеттілігімізді күшейтеді. Болашақ ұрпаққа ұлттық өзін-өзі тануды жеткізу әр азаматтың және мемлекеттің ортақ парызы. Сондықтан ұлттық бірегейлік пен болмысты нығайтуға бағытталған жұмыстарды дамытып, қоғамның барлық саласын осы мақсатқа тарту қажет.

Әл-Фарабидің ғылыми мұрасы адамзаттың саяси ойларының дамуына үлкен әсерін тигізді. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» атты еңбегінде «адамдар шынайы бақытқа тек қайырымды қалада ғана қолы жетеді», – деп тұжырымдап, Қайырымды қаланың келбетін ашу мақсатында адамдар қоғамдастығы шоғырланған қалаларды классификациялап бөледі. Қайырымды қалада іс-әрекеттің өзара жәрдем көрсете білу мақсатын қойған қоғамдастығы бар болса, сол қала халқы бақытқа жете алады. Әл-Фараби шынайы бақыт жолында ынтымақтастық жолы ерекше дейді.

Ясауи ілімдерінің рухани-адамгершілік негіздері қоғамды біріктіру, ұлттық сананы жаңғырту және ұлттық кодты сақтап қалу мүмкіндіктерін айқындайды. Ясауи адамгершілік, төзімділік және қонақжайлылық құндылықтарын дәріптеп, өзінің «Даналық кітабы» жырларында әділдік, шапағаттық, мейірімділік, тақуалық, шыншылдық, тазалық секілді игі істерге үгіттейді. Өз хикметтерімен Ясауи кемелдену жолында адам бес нәрседен сақтанғанын жөн санайды: Алланың ақ жолын мойындамау; менмендік пен тәқаппарлық; арамдық; еріншектік; дүние-мүлік жолында арын сату. Осы тұста айтарымыз, Ясауи ілімдерін зерттеу мен насихаттау ұлттық бірегейлікті дамыту және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды құралы. Бұл бағыттағы жұмыстар ұлттық болмысты сақтауға үлес қосады.

Ұлы Абай шығармашылығы саяси, әлеуметтік және адамгершілік мақсатты қамтиды және адам болмысы мәселелерін қозғайды. Қоғамның моральдық ахуалын өз «Қара сөздерінде» ой елегінен өткізген Абай қазақ халқының идеалды басқаруы, көсемдігі мен азаматы туралы ой-

пікірлерін білдіреді. Абайдың саяси дүниетанымы тек билік институтының ішкі мәніне қатысты ойлары, қоғамдағы әділеттілік, заңдылық, ұлт бірлігі мен ұтқыр көшбасшылық сауалдарына да тоқтайды. «Қара сөздер» қазақ қоғамындағы тақырыптарды қозғайды және қазақ халқының саяси, рухани, ағартушылық және адамгершілік өміріне түсініктеме беретін саясаттанулық сипат иеленеді. Ұлы ақын көзқарастары заманауи саяси процестерге сыни көзқарас пен парасатты ой қосудың үлгісі. Абай мұрасы ел басқаруда әділет пен даналық, ал халық тарапынан жауапкершілік пен бірліктің маңызын еске салады. Бұл келешек ұрпақтың саяси мәдениеті мен ұлттық санасын қалыптастыруда таптырмас рухани-идеялық негіз.

Мәдениет пен өнер жетістіктері әрбір азаматтың отанышылдығымен байланысты. Президент пікірінше, «ұрпақтың отанышылдық сезімі ел игілігі жолындағы нақты іспен ұштасады». Отанышылдық сөз жүзінде қалып қоймай, күнделікті еңбек және қоғамға қызмет етуде іс жүзінде көрінгені абзал. Көркем шығармашылық ұлттың тарихи жадысын сақтау, жас ұрпақты тәрбиелеуге үлес қосады. Шынайы өмірмен бірге, виртуалды кеңістіктегі мәдени көріністер қоғамдық бірлікті нығайтып, әр адамның жауапкершілік сезімін оятады. Жастарға патриоттық тәрбие беру ұран болып қалмай, тиімді бастама-лармен жүзеге асқанда нәтиже береді. Әр азаматтың өз елінің тарихын білуге құштарлығы ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты іргетасы. Сондықтан қоғам мен мемлекет бірлесіп мәдениет пен өнерді қолдаса, ұлттық болмыс пен ұрпақтың азаматтық жауапкершілігіне ешкім кедергі бола алмайды.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдағы сөйлеген сөзінде мәдениет пен өнердің қоғам дамуына қосатын ролін ерекше тұжырымдады. Демек, мәдениет пен өнерді дамыту елдің рухани-моральдық және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының басты факторлары екендігін көрсетеді.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдардың кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының қауымдастырылған профессор

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ – АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ НЫШАНЫ

Дүниежүзілік сайлау күні – демократиялық қоғамның басты құндылықтарын дәріптейтін, әрбір азаматтың ел болашағын айқындаудағы ролін айқын көрсететін маңызды күн. Бұл мереке сайлау құқығының маңызын, заң үстемдігі мен қоғамдық жауапкершіліктің жоғары деңгейін паш етеді.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы сайлау үдерісінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуді, сайлаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды өзінің негізгі міндеті санайды. Комиссия тарапынан сайлау науқандарының заң талаптарына сай, әділ әрі сенімді өтуі үшін барлық

ұйымдастырушылық және түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Атауды күн аясында жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыруға, азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыруға және қоғамның қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуына ерекше көңіл бөлінуде.

Барша қала тұрғындарын ел болашағына бейжай қарамай, азаматтық ұстаным танытуға және қоғамдық процестерге белсенді араласуға шақырамыз. Бірлік пен жауапкершілік – тұрақты дамудың және жарқын келешектің кепілі.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 23 қаңтардағы №151 қаулысы

Постановление акимата города Кызылорда
№151 от 23 января 2026 года

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жөлаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 20 қаңтардағы №01-03/93 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі КАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иесі Смайлова Кулиштің жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Айтмұрат Шаменов көшесі, №54 үй мекенжайында орналасқан көлемі 1000,0 (бір мың) шаршы метр көп қабатты тұрғын үй құрылысы үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-093-960) жер учаскесін «А.Спанов көшесін Б.Баймаханов көшесінен А.Шаменов көшесіне дейін қайта жаңғыртудан өткізу» жобасы бойынша көше үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 28 сәуір болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазанғаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнама-сынан қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда қаласының әкімі

Н.АХАТОВ

Аким города Кызылорда

Н. АХАТОВ

МЕРЕЙ

«ӨЗДЕРІҢ БІЛЕР ҚАЗЫБЕКПІН» немесе сатира сардары

Журналист болсақ деген арманмен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде білім алып жүрген кезіміз. Сабақтан соң облыс орталығындағы редакцияларды жағалаймыз. Облыстың ата басылымы «Сыр бойы» газеті редакциясының табалдырығын аттауға батылымыз жетпейді, сол кездегі жастарға жақын болған тәуелсіз басылым «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясына қалам ұстаған жастардың көп үйірсектейтін кезі. Бірді-екілі мақаламыз газет бетінде жарық көрген соң, бойымыздағы қорқынышты жеңіп, редакцияға емін-еркін келетін болдық. «Ақмешіт апталығының» «Қуақы» әзіл-оспақ бетін оқырман жақсы көреді. Қоғамдағы өзекті мәселені сөз сойылымен соғып, кемшілікті жеріне жеткізіп көрсете білетін авторлар көп емес. Көзі қарақты оқырманға өздері таныс болмаса да, аты-жөнін жатқа біледі. Олардың қатарында сатира сардары ретінде танылған Қазыбек Әшірбекұлы да бар. Журналистика саласындағы еңбек жолымызда Қазыбек ағаны күнде көріп ғана қоймай, оның шығармашылығын да, өзін де жақын тани бастадық. Қалам мен қағазды серік еткен ағамыздың тынымсыз еңбектенетінін, ұқыптылығын, қате жібергенді кешірмейтін қырын да тани бастадық. Тағы бір ешкімге ұқсамайтын қасиеті – қай газеттің де сапалы шығуына сырттай тілеулес болып жүретіні. Әлі күнге дейін газетке жазылуды ұмытпайды. Оның қоғамдағы өзгерістерге сергектік танытанынын да айта кеткен жөн болар. Мұндайда үйде жайбарақат жата алмайды, ауа райына да қарамайды. Кейде біздің өңірге ғана тән дауылдарда, жаз күндері ми қайнатар аптап ыстыққа да қарамай, редакцияға келіп, «қоғамның назарын аударған өзгерістерге үн қосқанды жөн көрдім» деп төс қалтасынан бүктелген қағазын шалт қимылымен алып, үстел үстіне қойып жатады. Мұнан соң «поштаңа да жіберіп қойдым, мынау қолжазба» деп әр іске ұқыптылығын байқатып, бір тиянақтап кетеді. Кейде күн суығына қарамастан редакцияға қарай асығып келе жатқанын көрсек: «қарамай дауылға да, жауынға да» деп әзілдей қарсы аламыз. Бұл сөзімізге риза болған ағамыз кеңкілдей күліп, жазған-сызғанын беріп кетеді. Өткенде «аға, осы нешесіңіз?» деп сұрап қалғанымызда биыл сексенге келетінін айтқан еді. Қазыбек ағаның бұған дейін де мерейтойын алға тартып, марапат-медаль, құрмет сұрағанын естімеспіз. Әрдайым адамдық биігінен түспейтін, балаша елпілдеп, акеден көңілімен қуанып жүретін Қазыбек аға сексеннің сеңгіріне келіп қалыпты. Өзі де, ойы да сергек, оқырманға сатирасымен танымал Қазыбек Әшірбекұлының шығармашылығы туралы аз-кем жазғанды жөн көрдік.

Ол 1946 жылы Қызылорда облысы, бұрынғы Теренөзек ауданы «Жаңа арық» ұжымшарында (қазіргі Қараөзек ауылында) дүниеге келген. Сол ауылдағы №39 «Қызылөзек» орта мектебінде оқыған. 1965-1968 жылдар аралығында азаматтық әскери борышын Түркіменстан ССР-нің Мары қаласында адал атқарған. Азаматтық борышын өтеп жүргенде бөлімше командирі болып, Түркіменстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Елге оралғаннан кейін, 1968 жылдың желтоқсан айында Қызылорда облыстық ішкі істер басқармасына қатардағы қызметкер болып жұмысқа орналасады. Қызметтен көп үзбей жүріп, Қызылорда политехникумының «Машина жөндеу және техникалық қызмет көрсету» бөлімінде оқып, техник-механик мамандығын алған. 1975-1980 жылдар аралығында Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институттың филология факультетін оқып, бітірген. Ол осы мерзім ішінде ОШБ-да әртүрлі жауапты қызметтер атқарып, 1991 жылы ішкі қызметтегі майор шенімен зейнеткерлік демалысқа шыққан. Қазыбек Әшірбекұлы ҚР ІІМ-нің бұйрығымен І, ІІ, ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен, «Милиция үздігі» және тағы басқа төсбелгілермен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ол зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Басқармада ардагерлер кеңесінің мүшесі болды. Осы басқарманың шаруашылық бөлімінде инспектор болып қызмет істеді. ҚР Қызылорда облыстық транспорт құралдарын жүргізушілер одағында директордың орынбасары қызметінде болды.

Енді Қазыбек Әшірбекұлының шығармашылық жағына қарай ойысайық. Ол ішкі істер саласында жүргенде де қаламды тастаған емес. Архивті ақтарсақ, оның 1980 жылдары облыстық «Ленин жолы» газетіне өзекті мәселелер жайлы мақалалар жазғанын көруге болады. Газеттің штаттан тыс тілшісі болып қызмет атқарды. «Шөңге» айдарымен апта сайын жарық көріп тұратын әзіл-оспақ, сын-сықақ мүйісін мүлт жібермей, өзінің сатиралық шығармаларын ұсынып жүрді. 1992 жылы Қазақстан Журналистер одағына мүше болып қабылданды. Оның әзіл-оспақ, сын-сықақ өлеңдері көптеген республикалық және облыстық баспасөз беттерінде жиі жарияланып келді. Қазыбек Әшірбекұлы Жазушылар одағы басқармасына қарасты Қазақстан сықақшылар «Найзагер» қауымдастығының мүшесіне сол қауымдастықтың президенті, белгілі ғалым, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеевтің өзі қабылдап, куәлік берген. Оның қазіргі қазақ сатирасына сай түрлі тақырыпта жазылған шығармалары республикалық ата басылым «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Халық», облыстық «Сыр бойы», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт ақшамы» газеттері мен «Ара» және «Әлімсақ» журналдарында жиі жарық көрді. Ата басылым «Егемен Қазақстан» газетіндегі 2001-2011 жылдары «Сөз сойыл» әзіл-сықақ отауында заман тынысын дөп басып, кемшілікті сын-сықақтың сұр жебесіне іле білген сатиралық шығармалары үшін жазушы-сатирик Балғабек Қыдырбекұлы атындағы жүлдені екі мәрте иеленіп, «Сөз сойылдың серкесі» атанды. Ол туралы «Егемен Қазақстан» газеті жазды да. Сол жылы «Қазақстан журналистерінің ұлттық кәсібі одағы» Қызылорда облыстық ұйымы ақпарат айдынында белсенді қызметі үшін Құрмет грамотасымен марапаттады, Қазақстан журналистер одағының дипломына да ие болды.

2001 жылы ел Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай облыс әкімінің қолдауымен «Алтын орда» баспасынан «Жүректегі жауһарлар» атты Сыр елі ақын-жазушыларының жинағы жарық көрген болатын. Осы жинаққа Қазыбек ағаның «Бибімнің бұйрығы», «Женіс – жеңілі ойын», «Мырза емеспін», «Он алты еркек», «Құлқын», «Төрге таласу» сияқты тағы басқа шығармалары енген. 2008 жылы «Нұра-Астана» баспасынан Астана қаласында «Күлкі керуен» кітабы, қаладағы «Тұмар» баспасынан «Жебе», 2009 жылы «Фолиант» баспасынан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Сырдария кітапханасы» көптомдығына «Ұрт пен мұрт» жинағы енді.

Қазыбек Әшірбекұлы аймағымызда 1994 жылы тұңғыш жарық көрген тәуелсіз «Ақмешіт апталығы» газетінде де қызмет істеді. Әдеп-кіде бірді-екілі сатиралық шығармаларын редакцияға қалдырып жүрген Қазыбек ағаның қарымын байқаған бас редактор Әділхан Бәймен оны жұмысқа шақырады. 1998-2003 жылдар аралығында ол газеттің «Қуақы» деп аталатын әзіл-оспақ, сын-сықақ бетін жүргізді.

Қазыбек Әшірбекұлы сатираның барлық жанрын жақсы меңгерген. Оның барлық жинақтағы әзіл-оспақтары, сын-сықақтары, мысқыл-мысалдары мен әзіл әңгімелері, қағытпа қалжыңдары, жымы айқын жұмбақтары, мәні өзгерген мәтелдері соған айғақ бола алады.

Қазыбек Әшірбекұлы үшін мәселенің үлкен-кішісі жоқ. Ол қоғамдағы кемшіліктерді сын садағына іліп, әшкерелейді. «Озырлардың өлеңі», «Қос қылықтылар», «Танып ал», «Кімге не қымбат?», «Арақтың әлеті»,

«Қылықты сылқымның хикаясы», «Сұраудың түрлері», «Кекірейіп, кейін кішірейеді» және тағы басқа да сын-сықақтарында өзімшілдік пен тоғышарлықты, тойымсыздық пен көрсеқызарлықты, алаяқтық пен жемқорлықты және паракорлықты сын садағына іледі. Автор саяси, әлеуметтік мәселелерді де қаламынан қағыс қалдырмайды. «Ұрт пен мұрт» сатиралық жинағында «Адам мен ақша», «Нарық пен халық», «XX ғасырдың XXI ғасырға өтініш тілегі», «Біреу талтандап, біреу жалтандап» сияқты тағы басқа туындыларында саяси, әлеуметтік мәселелер қамтылған.

Қазыбек аға шығармашылығының тағы бір ерекшелігі, ол бір-екі жолдан тұратын қағытпа қалжыңдар мен мәні өзгерген мәтелдер, жымы айқын жұмбақтар арқылы да астарлы ой айтып, оқырманды ойландырады. Мысал келтіре кетейік.

Жұрт көтеріп еңсесін,
Жинағанда енді есін.
Жібермекші еркіне,
Нарық кіші кенжесін.

(Еркін баға)



Бұл жымы айқын жұмбақтардың бірі ғана. Мынау төмендегі мәні өзгерген мәтелдердің бірі:

Жібекті түте алмаған – жүн етеді,
Жұмысшыны жұмсай алмаған – құл етеді, – деп қоғамға ой салады.

Қазыбек аға әрдайым сын әділ, таза, шынайы болу керек екенін ескертеді. Оны төмендегі мына өлең шумақтарынан анық байқауға болады.

Халықта мол қазына,
Қанағат көп – азына.
Соның бірі кәдімгі,
Орынды әзіл – әжуа.

Ұстанам деп ұстынын,
Қолданба тым қышқыл!
Жаралап жанды жүрмесін,
Жазықсыз жанды мысқыл!

Сұйылмай өте сапасы,
Болмасын сынның шатасы!
Орынды сын айтылса,
Сықақ – сынның атасы.

Мойындамай мінін де,
Жүргендер бар бүгінде.
Жұқпалы дерт әкелер,
Қоғамға олар түбінде.

Мін – нысана,
Сын – садақ,
Тек түзу тарт жебесін!
Нысанаға нық қада,
Далаға кетті демесін.

Қазыбек ағаның сын-сықаққа деген ұстанымы осындай. Ол арнау да, нәзік жыр да жазды. Ол бөлек әңгіме.

Қазыбек аға Нартай Бекежановтың: «Өздерің білер Нартаймын, Нар болсамда қартайдым.

Ізі бар да өзі жоқ,
Бұрынғы боран айғайдың» деген бір шумақ өлеңін еске алып, өзі туралы қайымадастырып: – Өздерің білер Қазыбекпін, Ортада болдым аз-көптің...

«Күрөң күзді ойламай,»
Өмірдің бәрін «жаз» деппін – деп сексеннің сеңгіріне келіп қалғанын сезбей қалғанын осы бір шумақ арқылы білдіргендей. Жүзге жетіңіз, аға!

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

● Арнау өлеңдер

АНАҒА ТАҒЫМ

Қызылорда облысы, бұрынғы Теренөзек ауданы «Жаңа арық» колхозының егіс даласында айлап жүріп күндіз-түні еңбек еткен аяулы анам Қаншай Әбдірманқызы (1912-1994) және сол кезде жұмысқа айлап кеткен анамның орнына бір жастағы мені бағып-қаққан 11 жастағы аяулы анам Қаншагүлдің (1936-2015) рухына арнаймын:

Айналайын,
Асыл анам, ардағым,
Сен бәйтерек,
Мен бір бұтақ тармағым.
Тар заманда тамақ тауып бердің сен,
Ауызды аңсам «баласындай» қарғаның.

Иығыңнан түспей ауыр кетпенің,
Бір ай бопты егіс жаққа кеткенің.
Ол кезде мен бір-ақ жаста екенмін,
Есімде жоқ сенсіз «азап» шеккенім.

Анам кейін бар шындықты ағытты,
Апам мені бір ай бойы бағыпты...
Аласұрып анамды іздеп жыласам,
Арқалап ол құйрығымнан қағыпты...

Апам менен жүрсе-дағы «шаршап-ақ»,
Күндіз-түні жұбатыпты арқалап...
Ол кісінің еңбектерін өлшеусіз,
Қайтардым ба, жоқ па, ойым шартарап...

Бір ай өтіп, анам үйге келіпті,
Әбден шаршап, есіктен әрең еніпті.
Бір үзім нан өзі жемей анашым,
Жер басынан маған әкеп беріпті.

Анашымның пейілінің ағын-ай,
Мә, жей ғой деп бергенімен жаным-ай,
Бауырына тығылыппын апамның,
Алмай нанды, өз анамды «танымай»

Алдыңа АНА бар жақсыны әкеліп,
Қояр едім айды анау әперіп.
Сол кезде мен қалсам сені «танымай»,
Кешір АНА, кетсе менен қателік!

1995 ж.



Күміс күлкі көктемніңмен ерте кел!

Әйел – Ана,
Әйел – Ару,
Ертегі ел,
Сыры жұмбақ,
Нәзік жанды еркелі ел.
Аналарым, Аруларым өзіңмен,
Күміс күлкі көктемніңмен ерте кел...

Аруларды келе жатқан гүл ашып,
Алмандаршы тектен-текке жылатып.
Сезіммен де сеніммен де аялап,
Жүріңдерші жылы сөзбен жұбатып...

Сендер үшін ата берсін ақ тандар,
Сырлы әлемнің сұлулығын сақтандар.
Сендерсіндер жанұяның тірегі,
Тіршіліктің тауқыметін тартпаңдар!

Әйел – анық,
Әйел – бақыт, береке,
Әйелдерсіз керілмейді кереге.
Құтты болсын,
Құтты болсын, Арулар,
Көктемменен бірге келген мереке!

ТУҒАН ЖЕР

Ақын айтқандай,
Уа, туған жер ыстықсын сен өзгеден,
Ой мен қырын қалдыма мен кезбеген...
Адам түгіл қарлығаштың өзі де,
Жылан шыққан ұясынан безбеген.
Уа, туған жер ыстықсын сен өзгеден!

Киелі Қараөзектің топырағы,
Осында ойлы жандар отыр әлі.
Бұл жерден зиялылар көптеп шыққан,
Елімнің екінші ол Отырары.

САҒЫНЫШ

(1964 жылғы сыныптастарды еске алу)

Жәудіреп тура қарайтын,
Жандардан шуақ тарайтын,
Көздеріңді сағындым...

Сыйласатын сыпайы,
Сырласатын шынайы,
Сөздеріңді сағындым ...

Сезімдер ішке сыймайтын,
Сездіре алмай қинайтын,
Кездерімді сағындым...

Он бір жылғы сырластар,
Орны бөлек құрдастар,
Өздеріңді сағындым...

1980 ж.

БИБІМНІҢ БҰЙРЫҒЫ

(Қазіргі «Алтын балық» ертегісі)

– Әй, байым-ау!
Бар ма сенде жігер, намыс?
Тап тезірек қыруар табыс!
Бәрі түгел байып жатыр,
Көрші-қолаң, тамыр-танасы...
Баю керек, жұрттан қалма!
Кет! Үйден шық, балық аула!
Қармақ құрып, ауынды сал,
Түрлі балық түсер ауға.
Ілінсе егер алтын балық,
Құлап қалма естен танып!
Минетін «Джип», миллион доллар,
Әкел үйге сұрап алып!
Әкелмесен үйге кірме,
Жерді басып тірі жүрме!
Болмаса егер бұл тілегім,
Сен менімен өмір сүрме! –
Деп әйелім қуды үйден,
Маза кетті көңіл-күйден...
Оң сапарды бере көр деп,
Қош айтысып шықтым үйден.
Бұл бибімнің мінезі анық,
Ұстау керек алтын балық.
«Жетікөл» мен «Телікөл»,
Жүрдім-ау мен қармақ салып...
Айлап емес, жылдап жүрдім,
Бір түсерін болжап білдім.
Сәрсенбіде сәті түсіп,
Сол балықты аумен ілдім.
Тілегімді Құдай берді,
Оңғара гөр, ісімді енді.
Судан шығып сәлем беріп,
Алтын балық былай деді:
– Не қалайсың?
Жібер мені!
Сыйға берем саған нені?
Орындаймын қолдан келсе,
Тұрмысыңның болса кемі.
– Азық-түлік бәрі де бар,
Тұрмысымның нәрі де бар.
Қос-қос көлік, бірнеше үй,
Артық дүнием әлі де бар.
Алты бөлмелі үй «Алмалыда»,
Адам қалмай «анырап» тұр.
Он бөлмелі үй «Қарғалыда»,
Күнге күйіп қанырап тұр.
Алтын, күміс жетіп жатыр,
Бірі келіп... кетіп жатыр...
«Жұрт қатарлы күйбең тірлік»
Міне, осылай өтіп жатыр...
Сонда да бибім қуды үйден,
Ызаланып ашу-қүймен.
Миллион мен «Джипті» мініп,
Орал деген сондай сыймен.
– Байкаймын кедей емессің,
Тұрмысын жүдеу емес тым.
Байыған сайын жылама,
Бәрібір «тойдым» демессің.
Қомағай деген жаман ат,
Болғаны жөн-ау қанағат.
Қас-қағымда күй тайып,
Болуың мүмкін қарабақ.
Деді де балық қолымнан,
Суға түсіп жоқ болды.
Айтқан сөзі жонымнан,
Дәлдеп тиген «оқ» болды.

Облыс орталығындағы №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде атап айтар жетістік аз емес. Жыл санап спорт шеберлерін тәрбиелеп, халықаралық ареналарда көк байрағымызды желбіретіп жүрген білім ордасы бүгінде облыс спортының мақтанышына айналып отыр. Осы тұста біз де спорт мектебінің жұмысымен танысып қайттық.

ҮЗДІКТЕР МЕКТЕБІ



Мұнда жас спортшылардың жаттығуына, кәсіби тұрғыда шыңдалуына толық мүмкіндік бар. 2025 жылдан бастап спорт мектебінде ауыр атлетика, әйелдер күресі, бокс, грек-рим күресі, дзюдо, еркін күрес, көркем гимнастика, стенд ату, таеквондо, каратэ-до, кикбоксинг, самбо, тай боксы, шахмат және қазақ күресі бойынша үйірме жұмыс істейді. Мектепке балалар 5 жастан бастап қабылданады. Олимпиадалық, олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрі бойынша жас ерекшелігі ескеріліп, жаттықтырушылар тарапынан кәсіби іріктеу жүргізіледі. Бүгінде спорт мектебінде 50 жаттықтырушы бар. Атап айтсақ, жоғары санаттағы – 18, бірінші санатта – 3, екінші санатта – 8 жаттықтырушы бар. Жаттықтырушылардың барлығы дерлік өз саласының кәсіби мамандары. Ал мектепте 1593 оқушы жаттығуда.

Максат – ұлттық құраманы толықтыру

– Біздің ортақ мақсатымыз Ұлттық құрама спортшыларын дайындау. Балаларды, жасөспірімдерді спортқа баулу. Шын мәнінде қабілетті жастар көп. Алайда көп жағдайда қабілетті жастарымыз назардан тыс қалып қойып жатады. Мектебімізде еліміздің көк байрағын желбіретіп, ел намысын қорғап жүрген спортшылар аз емес. Айдоос Сұлтанғали – халықаралық деңгейдегі спортшылардың бірі, біздің мақтанышымыз, – дейді «№1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» КММ директоры Берік Қасымбеков.

Ұйқысыз дайындықтың нәтижесі

2025 жылдың қорытындысы бойынша мектеп спортшылары Әлем, Азия және Қазақстан чемпионаттарында 128 медаль жеңіп алған. Атап айтсақ, Әлем чемпионаттарынан – 2 алтын, 2 күміс, 2 қола. Ал Азия чемпионаттарына келетін болсақ, 7 алтын, 6 күміс, 8 қола. Сондай-ақ Қазақстан чемпионаттарынан спортшылар 35 алтын, 24 күміс, 42 қоламен қанжығасына байлаған.

Олимпиадалық спорт түрі бойынша: Ауыр атлетикадан Ерсейіт Бейбарыс пен Мырзахмет Ернұр жасөспірімдер арасында Әлем чемпионатында 2 алтын, 2 күміс, 2 қола медаль иеленген. Ерсейіт Бейбарыс Азия ойындарында 2 күміс медаль иеленген. Дзюдодан Сұлтан Бейбарыс Азия чемпионатының қола жүлдегері атанса, таеквондодан Нұрперзент Саматұлы мен Токжан Қазынабек Азия чемпионатының жүлдегерлері болды. Ал стенд атудан Асылхан Айсалбаев Азия чемпионатының жеңімпазы атанды.

Нәзіктік пен тәртіпті талап еткен...

Көркем гимнастика – нәзіктік пен тәртіпті, сұлулық пен төзімділікті қатар талап ететін спорт түрі. Осы саланың қыр-сырын терең меңгеріп, талай жас спортшының қанатын қатайтып жүрген мамандардың бірі – №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің жаттықтырушысы Айсылу Мадиева. Ол бұл салада 15 жылдан бері табанды еңбек етіп келеді. Айсылу Мадиева көркем гимнастикамен 2011 жылдан бері айналысып келеді. Сол жылы үйірмеге хореограф әрі жаттықтырушы қажет болып, ұсыныс түскен. Содан бері ол өмірін осы көркем гимнастикаға, оқушыларына арнап келеді.

– Гимнастика – тек жаттығу емес, ол кілем үстіндегі қойылым, шағын спектакль. Сондықтан біз балаларға тек элемент үйретіп қана қоймай, өнерді сезінуге баулимыз. Бойына әсемдікті дарытамыз, – дейді ол.

Жас гимнастарды іріктеу барысында ең алдымен баланың дене бітімі, симбаты, икемділігі, сергектігі және музыканы сезіну қабілеті ескеріледі. Сонымен қатар психологиялық тұрақтылыққа да баса назар аударылады. Себебі жарыс – үлкен жауапкершілік пен ұзақ дайындықты талап етеді. Айсылу Мадиеваның айтуынша, жетістіктің 90 пайызы тәртіпке байланысты. Уақытылы тамақтану, жетістікті ұйқы, жаттықтырушының нұсқауын толық орындау – мұның барлығы тәртіп. Тәртіп бар жерде нәтиже де, жетістіктік те болады. Қазіргі таңда жас спортшылар арасында кездесетін мәселелерге де тоқтала кеттік.

– Бүгінгі таңда жаттығу барысында кездесетін негізгі мәселелердің бірі – балалардың гаджеттерге әуестігі. Телефонға тәуелді балалар тез шаршайды. Қазіргі жас спортшылардың ақпаратқа бейімділігі жоғары болғанымен, физикалық тұрғыда әлсіз. Негізінде олар әлемдік гимнастардың қозғалыстарын тез меңгереді, тез қағып алады. Алайда төзімді болу үшін әлі де жүйелі жұмыс қажет. Сондай-ақ кейде ата-ананың үміті мен баланың нақты физикалық мүмкіндігі сәйкес келмей жатады. Ата-ана балаға жоғары талап қояды. Тіпті үйірмеге қатысар алдында жоғары нәтижеге жетуін керек деп балаға кесіп айтатын ата-аналар да жетерлік. Мұндайда бала іштей күйзеліске түсуі мүмкін. Сондықтан баланы үйірмеге не болмаса қосымшаға қатыстырар алдында өзіндік арманыңыздағы талапты қоймағаныңыз абзал, – дейді ол.

Жарыс алдында спортшылармен психологиялық дайындық жүргізіледі. Өзіне деген сенімділікті қалыптастыру, тыныс алу жаттығулары, медитация барлығы бала үшін үйретіледі. Ал хореографтың рөлі көркем гимнастикада айрықша рөл атқарады. Қолдың жұмсақтығы, дененің икемділігі мен композицияның үйлесімі спортшыны даярлайды. Айсылу Мадиева шәкірттерінің бүгінгі таңда тек спортшы ғана емес, сахналық мәдениеті қалыптасқан, өнерлі болып өсуін басты жетістік санайды. Қазіргі таңда Айсылу Мадиевамен бірге білікті екі хореограф жұмыс істейді. Команда қызу дайындық үстінде. Алдағы мақсаттар да айқын. 2027 жылы Қазақстан чемпионаты, Қазақстан кубогы және жастар арасындағы әлем чемпионаттарына қатысуға деп жоспарлап отыр. Қазақстандағы көркем гимнастика деңгейіне тоқталған жаттықтырушы бұл спорт түрі Орта Азияда алдыңғы қатарда екенін атап өтті. Дегенмен саланы одан әрі дамыту үшін заманауи залдар, құрал-жабдықтар, жас мамандарға шетелдік тәжірибе қажет.

– Ең басты арманым – шәкірттеріміздің ішінен Олимпиада ойындарына қатысатын чемпиондарды тәрбиелеу және бұқаралық спорттың дамуына үлес қосу, – дейді ол.

Зерде мен зейін ойыны

Шахмат – жай ғана ойын емес, бұл логика мен сабырды, төзім мен қырағылықты талап ететін интеллектуалды спорт. Осы саланың дамуына өмірінің жиырма жылын арнап, талай дарынды шәкірт тәрбиелеп келе жатқан тәжірибелі жаттықтырушының бірі – Риза Төлтайқызы. Ол – «№1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің шахмат үйірмесінің жаттықтырушысы.

Жаттықтырушының айтуынша, шахмат ойыны – үздіксіз ізденіс пен еңбекті қажет ететін ұзақ сапар іспетті. Жолға шығып, адасып қалған жағдайда үйге қайтар жолды іздеуге ұмтыласың. Бұл да дәл солай.

– Шахматқа баланы баулуға ең алдымен оның логикалық ойлау қабілетіне, зейіні мен шыдамдылығына мән беремін. Ең бастысы – баланың бұл ойынға деген шынайы қызығушылығы болуы шарт. Егер ата-ана тарапынан баланы қинап қатыстырған жайтты көрсем бірден ескерту беремін. Не болмаса баламен ашық сөйлесемін, – дейді ол.

Оқушының ойын мәнерін қалыптастыруда әр балаға жеке әліс қолданылады. Біріне шабуыл тактикасы жақын болса, екіншісіне қорғаныс үлгісі ыңғайлы. Жаттықтырушының басты мақсаты – баланың қырағы тұсын тауып, соны жетілдіру. Жарысқа дайындық кезеңі де жүйелі түрде ұйымдастырылады. Арнайы жаттығулар мен партияларды талдау арқылы ойыншылардың қателіктері түзетіледі. Сонымен қатар психологиялық дайындыққа ерекше көңіл бөлінеді.

– Жеңіліс – сәтсіздік емес, ол жетістікке бағытталған үлкен қадам. Көп жағдайда бала жеңіліске ұшыраған жағдайда сағы сынып, көңілі құлазды. Қазіргі тілмен айтқанда, «психологиялық жарақат» алады екен. Бұл стандартты, әрине, үйі іші баланың бойына сіңіреді. Айтарым, баланы уақытыша мақтауға тәрбиелеу керек, – дейді ол.

Онлайн платформалардың жас шахматшылар үшін берер мүмкіндігін де сұрап білдік.

– Бүгінде онлайн платформалар шахматшылар үшін үлкен мүмкіндікке айналып отыр. Өлеңнің түкпір-түкпіріндегі қарсыластармен ойнау, партияларды талдау бәрі тиімді. Ұялы телефонға шахмат қосымшасын жүктеп алсаңыз болғаны. Үйден де ойнауға мүмкіндік табылады, – дейді жаттықтырушы.

Әсел Серікбай, Назерке Нұрғали, Самал Әбдуәлі – әлем чемпионы атанып, осы спорт мектебінің түлегі ретінде ел абыройын асқақтатқан спортшылар. Қазіргі таңда үйірмеде 30-ға жуық бала шахматпен шұғылданады. Олар 6-18 жас аралығын қамтиды. Барлығына қолайлы жағдай жасалған.

Нәзік жандардың күресі

Қазіргі қоғамда спорт тек ер азаматтарға тән деген түсінік әлдеқашан өзгерді. Әсіресе соңғы жылдары нәзік жандардың спорттағы жетістігі көпшілік назарын аударып отыр. Соның айқын дәлелі – әйелдер күресі. Көпшіліктің саясатында күрес десе, ер балалар елестейтіні рас. Алайда бүгінгі күні қыздардың да табандылық танытып, жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүргені көңіл қуантады. Осы орайда, №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жұмыс істеп жатқан әйелдер күресі үйірмесінің тыныс-тіршілігімен танысып, аға жаттықтырушы Жандос Бөрікбаевпен тілдескен едік.

Қызылорда облысында әйелдер күресі 2011 жылдан бастап жүйелі түрде қолға келеді. Ал осы бағытта табанды еңбек етіп келе жатқан жаттықтырушының саладағы тәжірибесі 15 жылдан асады.

– Әйелдер күресі спорт саласында жаттықтырушы болып қызмет атқарып келе жатқаным 15 жылдан асты. Осы уақыт ішінде көптеген шәкірт тәрбиелеп, тәжірибе жинақтадым. Қыз балаларды үйірмеге қабылдау алдында олардың ептілігіне, икемділігіне, шапшаңдығы мен жылдамдығына баса назар аударамын. Әр баланың бойындағы қабілетті әрі қарай дамытуға мүмкіндік беремін, – дейді Жандос Бөрікбаев.

Жаттықтырушының айтуынша, әйел адамның орны тек үй шаруасымен шектелуі тиіс деген көзқарас ескі көзқарас.

– Қоғамда мұндай пікірлер әлі де кездеседі. Алайда қазіргі таңда әйелдер күресі спорт түрі қарқынды дамып, өз орнын айқындап келеді. Бүгінде қыздарымыз жастар арасында өткен Азия чемпионаттарында қола, күміс жүлделерді иеленіп жүр. Ересектер арасындағы жарыстарда да табысты нәтижелер бар, – дейді ол.

Қазіргі таңда №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіндегі әйелдер күресі үйірмесінде үш топ жұмыс істейді. Спортшылар жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген. Жалпы, 10 жастан бастап әйелдер күресі спортымен айналысатын деген қыз балалар үшін үйірменің есігі айқара ашық.

Айта кету керек, әйелдер күресі – тек спорт қана емес, ол қыз балалардың өзіне деген сенімін арттырып, мінезін шынайытын, қайсарлық пен тәртіпке тәрбиелейтін мектеп. Бүгінде бұл үйірме нәзіктік пен мықтылықты ұштастырып, талай спортшыны тәрбиелеп келеді.

– Ат спортының қазақ қоғамындағы орны қандай?

– Ат спорты – спорт түрі ғана емес, ол – ұлттың тарихы, рухы, жауынгерлік болмысы десек болады. Көкпар, аударыспақ, жамбы ату, тенге ілу, дәстүрлі садақ ату сынды спорт түрінің барлығы да кезінде соғыс өнеріне бейімделген. Қазақ халқының ел болып қалыптасуында, жерін қорғап, шекарасын бекітуде ат спортының рөлі айрықша болды. Біз жылқыға қырыздармыз. Ат спорты арқылы тіліміз бен дініміз, салт-дәстүріміз сақталды. Сондықтан бұл спорттың қоғамдағы орны ерекше. Мәселен, көкпар – жай ғана ойын емес, ат үстіндегі ұлы шайқас дер едім. Жерден серкені іліп алып, оны ат үстінде асқан ептілікпен алып шығу батылдық пен төзімділікті, ептілікті талап етеді. Ал аударыспақ – нағыз даланың батырлары сыңа түсетін дода. Бұл спорт түріне кез келген адам қатыса алмайды. Ат үстіндегі айкасты жетік меңгерген, тыңғылықты дайындықтан өткен спортшылар ғана бақ сынаиды. Ал дәстүрлі садақ ату мен жамбы ату – қазақтың ежелден келе жатқан көне өнері. Кезінде хандар мен билер арнайы бөйге ұйымдастырып, әр рудан жамбышыларды, сайыпқаран мергендерді шақырған. Ат үстінде асқан жылдамдықпен, күйғыта шауып келе жатып, нысананы дәл көзде жоғары шеберлікті, қырағылықты, дәлдікті қажет ететін өнер болып саналған. Міне, ат спортының қазақ қоғамында алар орны ерекше. Ат спорты жас ұрпақты шыдамдылыққа, мықты болуға тәрбиелейді. Бірақ қазіргі жас буын нәзік. Баланы атқа баулу арқылы оның бойына ерлікті дарытамыз.

– Қазіргі таңда елімізде ат спортының дамуына қандай мүмкіндік жасалауда? Қазақстандағы ат спортының деңгейі қандай? Қандай кедергілер жиі кездеседі?

– Бүгінгі күні Қазақстанда ат спорты республикалық деңгейде жүйелі түрде дамып келеді деп айтуға толық негіз бар. Жыл сайын ел чемпионаттары, Президент кубогы сарапқа салынады. Сонымен қатар жас ерекшеліктеріне қарай жасөспірімдер, жастар және ересектер арасында Қазақстан чемпионаттары тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұдан бөлек, халықаралық аренадан да шег қалып отырған жоқпыз. Азия чемпионаттары мен әлем біріншіліктері өткізіліп, отандық шабандоздар бағын сынауда. Көшпенділер ойындарының да маңызы зор. Мәселен, биыл Қырғызстанда өтетін Көшпенділер ойыны біз үшін үлкен сын әрі тәжірибе алаңы болмақ. Бұл ұлттық спорттың дамуына серпін беретін маңызды белес. Дегенмен кез келген салада кедергі болатыны белгілі. Ат спорты саласында да шешімін күткен мәселелер аз емес. Соның бірі – аттарды кәсіби деңгейде дайындайтын арнайы базалардың тапшылығы. Ат баптау инфрақұрылымы әлі де толық дамымаған. Тағы бір өзекті мәселе жылқыларға арналған зертханалар жоқтың қасы. Бізде қабілетті шабандоздар да, жүйрік аттар да бар. Алайда жылқының денсаулығын, жай-күйін терең түсініп, ғылыми тұрғыда сарапай алатын мамандар жетіспейді. Жылқы ауырып қалған жағдайда оның себебін анықтап, дер кезінде ем-дом жасайтын кәсіби деңгейдегі шабандоз-мамандардың тапшылығы сала дамуына кедергі келтіріп отырған негізгі факторлардың бірі.

– Шабандоз үшін ат таңдаудың ең басты қағидасы қандай болуы керек?

– Ат таңдау – аса жауапты мәселе. Мәселен, көкпар спортын алып қарайық. Көкпарда шабандоздар үш негізгі позицияда өнер көрсетеді. Біріншісі – шабуылшы, екіншісі қорғаушы, үшіншісі жекпе-жекке шығатын шабандоз. Біз шабандоздарды осы үш бағыт бойынша дайындаймыз, соған сай аттарды да іріктеміз. Шабуылшы шабандозға ең алдымен шапшаң, жылдам әрі алғыр ат қажет. Себебі

Басы 1-бетте



Бетті дайындаған Айдана БАХТИЯР

ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН АТ СПОРТЫ

шабуылда уақыт пен жылдамдық шешуші рөл атқарады. Ал қорғаушыға арналған ат – қарсылас қуша жетпейтін, өзі қашса қолға түспейтін, шабандозын сенімді қорғай алатын мықты болуы шарт. Жекпе-жек позициясындағы аттың да өзіндік ерекшелігі бар. Ол қырағы, қайратты әрі қарсыластың әр қимылын сезе алатын болуы тиіс. Өйткені көкпар қырағылықты және төзімділікті талап ететін ойын. Ал аударыспақ ойынына келсек, мұнда бір орында тұрмайтын, елгезек, күші мол ат қажет. Ал тенге ілу спортында аттың жылдамдығы мен қырағылығы бірінші орында тұрады. Бұл спорт түрі үш стильде ойнатылады. Атап айтсақ, бес белес, қос құлаш және жеті құт үлгісінде. Сондықтан аттың икемі мен шабандозбен үйлесімі аса маңызды. Негізінде жылқы мінезі адам мінезіне ұқсас. Әр шабандоз өзіне сай, өз ойынына лайық ат таңдауы тиіс. Сонда ғана ұлттық спортта нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік болады.



– Жылқы сезімтал жануар екенін білеміз. Оған күтім жасау да оңай емес шығар...

– Жылқыда 7 жасар баланың ақылы бар деп жатады. Сөйлей алмағаны болмаса, бәрін сезеді, түсінеді. Қызық жағдайлар аз емес. Атқораға кірген сәттен бастап-ақ иесінің көңіл күйін сезіп тұрады. Қас-қабағынан-ақ бәрін ұғады. Бір қызық оқиғаны айтып берейін. Жаңақорғанда ат спортының негізін қалаған Жаңабай есімді ағамыз болды. Оның Кербез деген аты бар еді. Кербез өзгелерден ерекше, тым сезімтал болатын. Қораға кіргенде жеміне не шөбіне қарамай, ең алдымен адамның көңіл күйіне мән беретін. Егер ашулы күйде кірсең, алдындағы жемін жемей қоятын. Ал күліп, жылы сөз айтсаң, балаша еркелеп шыға келетін. Ал ат күтіміне келсек, қазақта «Тайында таптап мін, құнанында қақтап мін, дөненінде сақтап мін» деген сөз бар. Ескере кететін жайт, жылқы жеген асына ерекше мән береді. Тазалықты сүйеді. Бір сөзбен айтқанда, кірпияз. Жасынан баптап, икеміне қарай тәрбиелеу керек. Кейін көкпар, аударыспақ, тенге ілу сынды ұлттық спорт түріне қарай іріктеп алады. Әр аттың өз мінезі, өз қабілеті бар.

– Жарыс алдындағы дайындықтың ең жауапты тұсы қандай?

– Ең бірінші – намыс. Екінші де – намыс. Үшінші де – намыс. Шәкірттеріме ең алдымен осыны түсіндіремін. Адамда намыс пен қайрат болмаса, еңбектің бәрі бекер. Жарысқа шыққанда жеңіске деген ішкі сенім мен рух бірінші орында тұруы керек. Құмғаға жол бермеуі керек.

– Жастардың ат спортына қызығушылығы қалай?

– Қазақ пен ат егіз ұғым. Бірақ жастардың қызығушылығын арттыру үшін алдымен жағдай жасалуы керек. Ат үйірмелерін көбейту қажет. Сонымен қатар ат спортын кеңінен насихаттау маңызды. Телеарналарда жиі көрсетіп, газет-журналдарға ұлттық құндылықтарымызды жиі дәріптесе, әлеуметтік желілерде сапалы контент көбейсе, жастардың қызығушылығы арта түсер еді.

– Өз тәжірибеніңден алсақ, жас шабандоздарға қандай кеңес берер едіңіз? Өзіңіз де белгілі шабандоздардың бірісіз.

– Өзімді әлі де үздік шабандозбын деп айта алмаймын. Қанша жетістікке жетсем де, үйренерім көп. Жас шабандоздарға айтарым, ең алдымен табандылық пен шыдамдылық керек. Ат спорты – ең қиын спорт түрінің бірі. Қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Әр қателіктен сабақ алып, «менікі дұрыс» деп менменсінібей, әрдайым өз-өзіне сын көзбен қарау қажет.

– «Ұстазың нәтижесін шәкіртіңнен байқа» дейді ғой. Шәкірттеріңіздің жетістіктері де аз емес шығар...

– Шәкірттерім бірқатар жарыстарда топ жарып жүр. Көшпенділер ойындарында да, Ұлы дала фестивалдерінде де жақсы нәтиже көрсетуде. Болашағын үлкен үміт күтемін. Шәкірт тәрбиелеуде ең бастысы – алалдық. Шәкірттің жағдайын жасау керек. Оған өз балаңдай қарап, тіпті өзіне қарағаннан да артық көңіл бөлу қажет. Сонда ғана нәтиже болары анық.

– Өңіміңізге рахмет.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3853 Тапсырыс №127

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана БАХТИЯР